

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-99-104

ЭОЖ 811.512.122

FTAMP 16.21.37

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕРІН ДАУЫССЫЗДАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Хасенов Б.Р.<sup>1</sup>, Нефедова Л.А.<sup>2</sup>, Адилова А.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Челябинск мемлекеттік университеті, Челябинск, Ресей*

### Аңдатпа

Мақалада түркі тілдеріндегі ерін дауыссыздарының архетиптік табиғаты сөз етіледі. Түркітану және алтайтану ғылымында дыбыстардың сәйкестігі біршама зерттелген мәселе болып табылады. Ерін дауыссыздарының қайсы архетип деген мәселеде әр ғалым әрқилы болжам айтады. Бұл мақаланың мақсаты – ерін дауыссыздарына қатысты ойларды жинақтау және ерін дауыссыздарының дамуын сөйлеу онтогенезімен байланыстыру болып табылады.

**Кілт сөздер:** дауыссыздар, ерін дауыссыздары, дыбыс архетипі, түркі тілдері, сөйлеу онтогенезі.

## РАЗВИТИЕ ГУБНЫХ СОГЛАСНЫХ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Хасенов Б.Р.<sup>1</sup>, Нефедова Л.А.<sup>2</sup>, Адилова А.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан*

<sup>2</sup>*Челябинский государственный университет, Челябинск, Россия*

### Аннотация

В статье рассматривается архетипическая природа губных согласных в тюркских языках. В тюркологии и алтаистике соответствие звуков - хорошо изученная проблема. В вопросе о том, какой из губных согласных является архетипом, каждый ученый высказывает свое предположение. Целью данной статьи является обобщение мыслей, относящихся к губным согласным, и связать развитие губных согласных с речевым онтогенезом.

**Ключевые слова:** согласные, губные согласные, звуковой архетип, тюркские языки, речевой онтогенез.

## DEVELOPMENT OF LABIAL CONSONANTS IN TURKIC LANGUAGES

Khassenov B.R.<sup>1</sup>, Nefedova L.A.<sup>2</sup>, Adilova A.S.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Chelyabinsk State University, Chelyabinsk, Russia*

### Annotation

The article examines the archetypal nature of labial consonants in the Turkic languages. In Turkology and Altaic studies, the correspondence of sounds is a well-studied problem. In the question of which of the labial consonants is an archetype, each scientist makes his own assumption. The purpose of this article is to generalize thoughts related to labial consonants and to link the development of labial consonants with speech ontogenesis.

**Keywords:** consonants, labial consonants, sound archetype, Turkic languages, speech ontogenesis.

### Кіріспе

Түркі тілдеріне тән ерекше қасиеттердің бірі – түбір-негіз мағынасының жалпыдан жалқыға қарай дамуы. Көптеген түркітанушы ғалымдар да «түбірлердің мағынасы жалпы ұғымнан ұзаққа созылған тілдің даму процесінің нәтижесінде нақты

бір зат, құбылыс атауларына ауысқан» деген бағытты қолдайды [1-2]. Жалпы түбір-негіз мағынасының жіктеле бастауына ықпал ететін құбылыс – дыбыс сәйкестіктері. Дегенмен де, түркі тіліндегі фактілерден байқағанымыздай, сөздердің сыртқы формасы, құрамы өзгеріске түссе де, белгілі бір семантикалық реңкке ие болса да, сөздердің «алғашқы мағынасы жалпы ұғымды білдіргені» байқалып отырады. Мысалы, *тақау* мен *жақын* сөздерінің өзіндік мағыналық реңкі болғанымен, олардың бір негізден тарағаны, архисеманың ортақ екені байқалады. Бұл сөздердің негізі – \**тақ* және \**жақ* [1, б. 255, б. 191]. Тақау – таяу, жуық, жақын (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Әрі қарай ҚТТС, б. 775 б). Жақын – арасы алыс емес, таяу (ҚТТС, б. 253). Екі сөз де мағыналас. Түркі тіл білімінде осы секілді сөздердің қайсы бастапқы (архетип) форма болған деген күрделі сұраққа әр ғалым өзінше жауап беруге тырысады. Біз осы мақалада ерін дауыссыздарына қатысты кейбір болжамдарға шолу жасап, ғалымдардың пікірлерін саралаймыз және бала тіліндегі деректерді де салыстырамыз.

### Әдістер мен материалдар

Мақалада дыбыстық архетиптерді анықтауда морфемасы бойынша талдау, тарихи-салыстырмалы әдістері қолданылды. Морфемасы бойынша талдау әдісі бір негізден жасалған түбір-негіздерді анықтауда өте өнімді әдіс болып табылады. Мысалы, тоқ пен той сөздері бір негізден жасалған. Олардың түбірі – то\*, ал сөз соңындағы -қ мен -й қосымша. Дәстүрлі тіл білімінде бұны дыбыс сәйкестігі деп аталады. Бұл – жиі кездесетін тілдік құбылыс. Енді осы секілді түбір-негізді салыстыру үшін туыс тілдердің деректері сұрыпталады. Бұл салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жүзеге асырылады. Зерттеу жұмысында қолданылған тағы бір әдіс бақылау әдісі. Бұл әдіс арқылы біз балалардың сөйлеуін диктофонға жазып алып, анализ жасадық, зерттеудің мазмұнын ашу үшін Жұмыста анализдеу, интерпретация секілді қосымша әдістер пайдаланылды.

### Нәтиже және талқылануы

Қазіргі қазақ тіліндегі төл дауыссыздар саны – 19. Дауыссыздар жасалу орнына байланысты ерін (п, б, м, у), тіл ұшы (т, д, н, ш, ж, с, з, р, л), тіл ортасы (к, г), тілшік (қ, ғ, ң, й) деп бөлінетіні белгілі. Біз дауыссыздардың даму жолына, аллофондардан фонемаға айналу (фонематизация) уақытына, генетикалық жақындығына, дыбыс сәйкестігіне байланысты оларды (дауыссыздарды) Н.А.Баскаковтың үлгісі бойынша топтастыруға болады. Ғалымның еңбегінде дауыссыздар передние (губные), средние, задние болып жіктеледі [3]. Қазіргі қазақ тіліндегі төл ерін дауыссыздарына *п, б, м, у* (*w*) дыбыстары жатады [4]. Фрикатив *в, ф* кірме болып есептеледі. Бұл дыбыстардың генетикалық жағынан жақындығы дыбыс алмасуынан, тарихи дыбыс сәйкестіктерінен байқалады. Бұған қазақ тіліндегі, өзге де түркі тілдеріндегі тілдік деректер айғақ бола алады. Мысалы, *шап* сөзіне *-ып* көсемше жұрнағын жалғасақ, түбірдегі *п* дыбысы *у*-ға алмасады (шауып) немесе тарихи тұрғыдан алғанда ерін дауыссыздары сәйкестік түзеді: *б ~ м: бұң ~ мұң; п ~ б: пус ~ бас, т.б.*

С. Омарбеков пен Н. Жүнісовтердің пікірінше, *п* мен *б* дыбысының алмасуы қазақ тілі диалектілеріндегі әдеттегі құбылыс болып табылады және салыстырмалы түрде *б* дыбысы *п*-ға өте жиі ауысады. Қазақ тілінің әдеби тілінде және говорларында сөздің басында қатаң *п* өте сирек кездеседі. Көп жағдайда кірме сөздердің басында қолданылады. Мысалы: *палуан-балуан, бал-пал*, т.б. Зерттеушілер қос дыбыстың (*п, б*) бірін-бірі оңай алмастыруы олардың бір фонемадан өрбігенін көрсетеді деп атап өтеді [5].

Ғалымдардың пікірі бойынша орта дәуірдегі түркі тілдерін ажыратудағы ерекшеліктердің бірі – сөз соңында ерін *в* мен *у* дыбыстарының қолданылуы болып табылады [2, б. 98; 6, б. 70; 7, с. 64]. Мәселен, көне түркі тіліндегі *еб* (үй), *аб* (аңға шығу) сөздері орта түркі дәуірінде *ау*, *ав* түрінде айтылған. Зерттеуші Э.Н. Наджип М.Қашқаридің еңбегіне сүйене отыра, түркілік *у* (губно-губное) оғыздар мен оға жақын тайпалар *в* деп дыбыстайтынын жазған (например, вместо тюрк. *äy* (дом) *у* огузов *ав*, вместо тюрк. *ау* (охота) *у* огузов *ав* и т.д.) [8]. Ортағасырлық жазба мұраларымыздағы мысалдар, түркі тілдеріндегі көптеген материалдар *п*, *б*, *в*, *у* дыбыстарының генетикалық жақындығын көрсетеді: қыпчак ~ қыуачак ~ қывчак, суб ~ суф ~ сув, т.б. [7, с. 64].

Түркітанушылар түркі тілдерін кешенді түрде салыстыру арқылы дыбыстық сәйкестіктерге негіз болған *архетиптік* дыбысты анықтауға тырысады. Мысалы, *биік* сөзінің алғашқыдағы формасы қандай болды? Кей тілдерде бұл сөз *п* дыбысынан (пөйік, пөзүк) басталады, кей тілдерде *м* дыбысынан (мөзүк) басталады. Осылардың қайсы архетип болған деген сауалға әр ғалым өзінше жауап беруге тырысқан. Мәселен, ерін дауыссыздарының сәйкестігінің архетипін Н.А. Баскаков [р] фонемасы деп көрсетіп, ерте замандарда сол фонеманың аллофондары ғана болған дейді [3, с. 100]. Ғалымның көрсетуі бойынша қатаң *п* дыбысының аллофондық құрамы мынадай: [р (~ б ~ ф/в ~ w ~ m)]. Яғни, тек *п* дауыссызының ғана фонологиялық қызметі болған, ал *б*, *ф/в*, *у*, *м* аллофондарының саралану немесе толықтай фонемаға айналу процесі бірнеше кезеңді қамтыған.

Н.А. Баскаковтан бөлек бұл мәселемен Б. Сағындықұлы да арнайы айналысты. Ол Н.А. Баскаковтың реконструкциясындағы кірме *ф* дыбысын және мұрын жолды *м* дыбысын тізімнен алып тастады. Б. Сағындықұлының пікірінше, ерін дауыссыздарының архетипі – дауысты *у* дыбысы. «*У* дыбысының даму логикасы екі ұзақ кезеңді басынан өткізгенін аян етеді: *бірінші кезең* – қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға, сонордан жартылай қатаңға, жартылай қатаңнан қатаңға ауысу кезеңі болса, *екінші кезең* – қатаңнан ұяңға ауысу кезеңі, яғни  $n > б > в$ . Көне түркі тілдерінде анлаут пен ауслаутта дауыссыздарды қатаң сапада қолдану сонор *у* дыбысын *п* түрінде айтуды қажет етті. Дауысты *у* дыбысының дауыссыз дыбыстардың функциясын атқарудағы табиғи бейімділігі ең соңында барлық эволюциялық процестің түйінін шешті деп жазған [6, б. 33; 7, с. 68].

Біздің ойымызша, Б. Сағындықұлы дауысты мен дауыссыз дыбыстарды шатастырған секілді. Ол Ж.А. Аралбаевтың *у* дыбысы бірде дауысты, бірде дауыссыз болады деген пікіріне сүйенгені байқалады. Қазақ тілінде таза айтылатын *у* жоқ. Бұл дыбыс дауыссыздардан кейін дифтонг, ал дауыстылардан кейін сонор *у* болып естіледі. Бұл дауысты *у* дыбысының негізгі компоненті *ү* мен *ұ*, ал екінші көмескіленген компоненті сонор *у* (тау) болып естіледі, бұл кезде қысқа әрі жылдам айтылады [9]. Мысалы, Б. Сағындықұлы *сұу*, *тұу*, *жауын*, *егеу*, т.б. секілді сөздерді мысалға алып, дауысты *у* дыбысының үш түрлі варианты бар деп көрсетеді (таза *у*, дифтонг – *үу*, *үу*, сонор *у*).

Қазақ фонетикасын экспериментальді түрде арнайы зерттеген Ә. Жүнісбек: «Жазуда *и*, *у* әріптерімен таңбаланып жүрген дыбыстарға бір жағынан, “*дауыстыдан кейін дауыссыз, дауыссыздан кейін дауысты болады*” деген мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарында жаңсақ анықтама берілсе, екінші жағынан, олар «*дауысты мен дауыссыздардың тіркесін белгілейтін таңба*» деген академиялық грамматикадағы ақиқат анықтама беріледі» – дей келе, қазақ тіліндегі *у* (*w*) дыбысы тек

қана дауыссыз болады деп нақтылайды [4, б. 70]. Яғни, *уу* мен *ұу* ешқандайда дифтонг емес, *ау*, *әу* секілді дыбыс тіркесі ғана.

Байырғы түркі әліпбиіне назар аударатын болсақ, дауыссыз *у* (*w*) дыбысының таңбасы мүлдем жоқ [10]. Дегенмен де ғалымдар тілдік фактілерге сүйене отыра, көне заманда дауыссыз *у* дыбысы болғанын болжайды. Н.А. Баскаков өз еңбегінде дауыссыз *w*, *j*, *h* дыбыстарын этимологиялық көне дыбыстар санатына жататынын айта келіп [3, с. 47], сөз басындағы *v ~ w* дыбыстарының және дифтонгоидтық *v ~ w ~ u ~ u* қыстырынды дыбыстық элементтердің түркі тілдеріндегі сәйкестіктерін көрсетеді. Мысалы, қаз. *ұр* – түр., эзирб. тілдерінде *vir*, қаз. ат – өзб. диал. *vata*; ққалп. “оқ”, “ой”, т.б. Ғалым қазақ тілі дыбыстарын экспериментальді тұрғыда қарастырған зерттеу нәтижелерін де факт ретінде келтірген. Қазақ тіліндегі *о*, *ө* дыбыстарының алдында дауыссыз *у* дыбысы айтылады. Сонда чуваш тіліндегі *von* (десять), *von* (огонь) сөздері қазақ тілінде “он”, “от” болып естіледі [4, б. 98]. Яғни, ғалымның ойынан түркі ататілінде сөз басында дауыссыз *у* (*w*) дыбысы болған деп түсінуге болады.

И.Г. Рамстедт пен Н. Поппенің реконструкциясында алтай тілдерінде сонор *у* (*w*) жоқ [11, 12]. Ал Мәскеу компаративистика мектебінің көрнекті С. Старостин алтай тілдеріндегі ерін дауыссыздарын салыстыра келе, инлауттағы сонор *-w*-ды қалыпқа келтіруге болатынын айтады [13]. Оның еңбегінде алтай тілдеріндегі ерін дауыссыздарының сәйкестігі былайша көрсетіледі [13, с. 23]:

В.М. Иллич-Свитычтің пікірінше, алтай тілінде ‘күшті’ (сильный) қатаң *\*p'* дыбысы болған [13]. Түркі тілдерінде бұл дыбыс анлаут позициясында кейде түсіп қалады: түркі тілінде *\*im* ‘метка, знак’, жазба моңғ. *im*, ТМ *\*rim*. Алайда кей уақытта *\*j*- түрінде сақталады: түрк. *\*in-čik/\*jīn-čik* ‘кость, голень’ ТМ *\*peñ-ñen* ‘колено’, кор. (орта дәуір) *s-pjə* (<*\*pVñ*) ‘кость’; түрк. *\*jer* ‘земля’, ТМ *\*pere* ‘дно, пол’, моңғ. (орта дәуір) *hiruɢar*, моңғ. (жазба тілі) *iru-ɢar* ‘пол, почва’, түрк. *\*jir-* ‘север, левая сторона’, моңғ. (орта дәуір) *horo-ne* ‘запад’, ТМ *\*per-ki-n* ‘запад’ және т.б. [13, с. 18].

Кесте 1 Алтай тілдеріндегі ерін дауыссыздары

Алтай	Түркі	Моңғол	ТМ	Корей
*p'	0- (~j-), -p-	h- (~j-), -ɣ- ~ -b-	p	p-, p(h)
*p	B	h-, -ɣ- (*-w-)	p-, -b-	p-, -w-
*b	B	b (~-ɣ-)	b-, -w-	p
*m	b-, m	M	m	m
*-w-	-0-, -b	-ɣ- ~ -b-	-w- ~ -j-	-0-

‘Әлсіз’ (слабый) *\*p-* дауыссызының сөз басындағы көрінісі мынадай: орта кор. *par* ‘нога’, ТМ *\*palga-n* ‘нога, ступня’, түрк. *\*bal-mak*, *\*bal-ak* ‘вид обуви’= кор. *palmak*. Сөздің ортасында мынадай сәйкестіктер кездеседі: *p ~ ɣ ~ ph* – *\*kāruk* ‘кора’, моңғ (жазба) *qauu-l-* ‘обдирать кожу’, *qau-da-sun* ‘кора’, кор. *kaphir ~ kəphir* ‘кора, кожа’; көне түркше *qor* ‘весь, все’; моңғ. (жазба) *qou* id., ТМ *\*kuru-* id. және т.б.; *b ~ ɣ ~ g* – жазба моңғ. *ɢayura-sun* ‘соллома, мякина’ ~ түрк. *\*kabu-k*, *\*kabu-ɣ id*; моңғ. *kegere* ‘степь’ ~ ТМ *\*kebe-r*, *\*kebe-kte* ‘равнина’, жазба моңғ. *ɢua* ‘красивый’ ~ орта кор. *kōp-ta* (kōva-) id.; *b ~ b ~ w* – моңғ. (жазба) *kebi-* ‘жевать’ ~ түрк. *\*gabid.*; жазба моңғ. *daba-* ‘переваливать (через гору)’ ~ ТМ *\*dawa-*. Түңғұс-манчжур тілдерінде түркі тілдеріне тән сәйкестіктер орын алған: 1) эвенк. *-p-* ~ *-w-*, эвен *-b-*, сол. *-g-* ~ *-0-*, нег., орооч. *-p-*, уд. *-p-* (~ *-f-*), орок, ульчі, нан. *-p-*, манчж. *-f-*. Салыст. эвенк. *ɶar-i-* ~ *ɶaw-u-*, эвен *ɶab-a-*,

сол. *žag-*, нег. *žar-i-*, ороch. *žar-*, уд. *žar-*, орок *dap-*, ульчi *žar-u-*, нан. *žar-u-*, маньчж. *ža-* (*žafu-*) ‘есть’; 2) эвенк. *-w-*, эвен *-w-* ~ *-j-*, сол. *-w-* ~ *-g-*, нег., ороch., уд. *-w-*, орок, ульчi, нан. *-p-*, манчж. *-f-*. Салыст. эвенк. *žawa-*, эвен. *žawa-*, сол. *žawa-*, нег., ороch., уд. *žawa-*, орок. *dapa-*, ульчi, нан. *žara-*, манчж. *žafa-* ‘взять, схватить’ [13, с. 24; 15].

Жалпы алғанда, сөз басында қандай дыбыс алғаш болып қолданғанын анықтау қиын мәселе. Ғалымдардың басым көпшілігі ерін дауыссыздарынан п дыбысын архетип деп санайды. Олардың пікірі бойынша, түркі ататілінің даму кезеңдерінде сөз басында п дыбысының кездесуі кең таралған құбылыс болған. Тарихи тұрғыдан алғанда п б-дан бұрын қолданылған. Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі баш, балық, бош, т.б. ертеректе п дауыссызынан басталған [14]. Әйтсе де, алтайтану ғылымындағы Рамстедт-Пельо заңдылығына сәйкес түркінің ататілінде б ұяң дыбысы бастапқы болған деген де гипотезалар бар [15, 16].

Ғылымда филогенез онтогенезде қысқаша түрде қайталанатын деген көзқарас бар [17, 18]. Осы көзқарасты негізге алатын болсақ, адамзат баласы тілінің жалпы дамуы бала тілінде қысқаша түрде қайталанатын, яғни адамзат баласы тілінің жалпы эволюциясы бала тілінде көрініс табады.

Сөйлеу онтогенезінде ерін дауыссыздары басқаларымен салыстырғанда, ерте қалыптасады [19]. Шамамен 8-9 айда бала мынадай былдырларды айтады: пәпә, бәбәбә, мәмә, әуә, әпә, т.б. А.Н. Гвоздевтің мәліметіне қарағанда, ең алғашқы болып тоғысыңқы ерін дауыссыздары меңгеріледі (п, б, м). Бұл дыбыстардың бірін бірі алмастыруы өте сирек кездеседі (біздің аудиожазбаларда мынадай мысалдар бар: Болат – Поуат, панда – бадйа). Фрикативтер (ф, в) салыстырмалы түрде кешірек шығады. Бала тілінде фрикатив в, ф дыбыстары кеш пайда болғандықтан, оларды б, п дауыссыздары алмастырады: боуосы, бада (волосы, вода: Асылай); бат’и (волосы), д’ип (жив) (Гвоздев күнделігінен) [19, с. 98]. Бұл сөйлеу органдарының, яғни дыбыстау мүшелерінің қалыптасуына тікелей байланысты. Ал дауыссыз у дыбысы жайлы айтатын болсақ, бұл да дыбыс ерте шығатын дыбыстардың бірі болып табылады (жеті-сегіз айда пайда болатын әуә деген былдырдың құрамында кездеседі). Көбінесе л, р, в дыбыстарының субституты болып табылады. Дала – дауа (кей балалар дава), дасыу – жасыл, қызыу – қызыл, давай – дауай, белая – беуайа. Біздің практикамызда ғ дыбысын дауыссыз у-дың субституциялауы кездесті: тоғыз – тоуз, сағат – сауат. Бұл түркі тілдерінде де бар құбылыс. Мәселен, көне түркі тілінде йағ, тағ сөздері қазақ тілінде жау, тау болып айтылады. Салыстырмалы түрде бала тілінде дауыссыз у ғ-ға қарағанда әлдеқайда ерте шығады. Әрине, бұл мысалды негізге ала отыра, белгілі бір жорамал жасау қиын. Дегенмен де, алтай тілдерінде дауыссыз у инлаутта кездескен деген гипотезаны (Старостин) еске алсақ, онда у-ды қолданатын тілдердің тарихи тереңде жатқынын шамалауға болады.

### Қорытынды

Түркі тіл білімінде дыбыс архетиптерін анықтау өте күрделі мәселе болып табылады [20]. Ғалымдардың басым көпшілігі ерін дауыссызалырының ішінде сөз басында қатаң п деп есептеген. Алайда кейбір зерттеушілер п дыбысының сөз басында өте сирек қолдануын алға тартып, б дыбысын архетип деп көрсеткен. Ал бала сөйлеуіндегі мәліметке сүйенсек, п, б, м, у дыбыстары алғашқы пайда болатын дыбыстарға жатады және кейбір дыбыстардың сәйкестігі түркі тілдеріне жақын екені байқалады. Біздің ойымызша, алдағы уақыттардың бала сөйлеуіне қатысты деректерді негізге ала отыра, түркі тілдеріндегі дыбыс архетиптерін анықтауға болатын секілді.

**Әдебиет:**

1. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 с.
2. Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003. – 182 б.
3. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. - М.: Наука, 1988. - 208 с.
4. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
5. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыстық жүйесі. – Алматы, 1985. – 208 б.
6. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1996. – 168 б.
7. Сағындықұлы Б. Фонологические закономерности развития лексики тюркских языков. – Изд. 2-е. – Алматы: Арыс, 2009. – 308 с.
8. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. – М., 1989. – 479 с.
9. Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка: очерки экспериментальной фонетики и фонологии. – Алма-Ата, 1970. – 188 с.
10. Сарткожаулы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007. – 304 б.
11. Ramstedt G.J. Kalmückisches Wörterbuch. – Aufl. 2. – Helsinki, 1976. – 148 s.
12. Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. – Wiesbaden, 1960. – Т. 1. – 188 s.
13. Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М.: Наука, 1991.– 190 с.
14. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 302 с.
15. Щербак А.М. Об алтайской гипотезе в языкознании // Вопросы языкознания. – 1959. – №6. – С. 51-63.
16. Мамедов А. Тюркские согласные: анлаут и комбинаторика. – Баку, 1985. – 479 с.
17. Якобсон Р. Звуковые законы детского языка и их место в общей фонологии // В кн.: Избранные работы. – М.: 1985. – С. 105-115.
18. Pinker S. The language instinct: How the mind creates language. – NY: Penguin UK, 2003. – 403 p.
19. Гвоздев А.Н. Усвоение ребенком звуковой стороны русского язык // В кн.: Возрастная психология. – М.: Лабиринт, 2004. – С. 72-112.
20. Хасенов Б., Адилова А. Түркі тілдеріндегі архетиптік дыбыстар жайлы // КМУ Хабаршысы. – 2019. – №3. – Б. 194-200.

**Әдебиет:**

1. Kaidar A.T. Struktura odnoslozhnyh kornej i osnov v kazahskom yazyke. - Almaty: Arys, 2005.- 304 s.
2. Eskeeva M. Tarihi dybys ozgeristeri. – Astana: Euraziya ultiq universiteti, 2003. – 182 b.
3. Baskakov N.A. Istoriko-tipologicheskaya fonologiya tyurkskih yazykov. –M.: Nauka, 1988. – 208 s.
4. Zhunisbek Ә. Қазақ фонетикасы. – Almaty: Arys, 2009. – 312 b.
5. Omarbekov S., Zhynisov N. Auyzeki tilimizding dybystyk zhuyjesi. – Almaty, 1985. – 208 b.
6. Sagyndykov B. Қазақ тили лексикасының этимологиялық негіздері. – Almaty, 1996. – 168 b.
7. Sagyndykuly B. Fonologicheskije zakonomernosti razvitiya leksiki tyurkskih yazykov. – Izd. 2-e. – Almaty: Arys, 2009. – 308 s.
8. Nadzhip E.N. Istoriko-sravnitel'nyj slovar' tyurkskih yazykov XIV veka. – M., 1989. – 479 s.
9. Aralbaev Zh.A. Vokalizm kazahskogo yazyka: ocherki eksperimental'noj fonetike i fonologii. – Alma-Ata, 1970. – 188 s.
10. Sartkozhauly Q. Bajyrgy turik zhazuynyng genезisi. – Astana: Arys, 2007. – 304 b.
11. Ramstedt G.J. Kalmückisches Wörterbuch. – Aufl. 2. – Helsinki, 1976. – 148 s.
12. Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. – Wiesbaden, 1960. – Т. 1. – 188 s.
13. Starostin S.A. Altajskaya problema i proiskhozhdenie yaponskogo yazyka. - M.: Nauka, 1991.-190 s.
14. Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazykov. – M.: Nauka, 1986. – 302 s.
15. Sherbak A.M. Ob altajskoj gipoteze v yazykoznanii // Voprosy yazykoznanija. - 1959.-№6.-S. 51-63.
16. Mamedov A. Tyurkskie soglasnye: anlaut i kombinatorika. – Baku, 1985. – 479 s.
17. Yakobson R. Zvukovye zakony detskogo yazyka i ih mesto v obshchej fonologii // V kn.: Izbrannye raboty. – M.: 1985. – S. 105-115.
18. Pinker S. The language instinct: How the mind creates language. – NY: Penguin UK, 2003. – 403 r. 19. Gvozdev A.N. Usvoenie rebenkom zvukovoj storony russkogo yazyk // V kn.: Vozrastnaya psihologiya. – M.: Labirint, 2004. – S. 72-112.
20. Hasenov B., Adilova A. Turki tilderindegi arhetiptik dybystar zhajly // KМУ Habarshysy. – 2019. – №3. – B. 194-200.